**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**

**«БІЛІМ БЕРУДІЖАҢҒЫРТУОРТАЛЫҒЫ»**

**«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ №80 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ**

# «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ.

***Жұмыс дәптері***

**3-сынып**

**Нұр-Сұлтан, 2022**

Нұр-Сұлтан әкімдігінің «С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық Сараптамалық кеңеске ұсынылды (хаттама № 3, 11.12.2021)

**Пікір білдірушілер:**
**Қасенов Е.С.** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
**Оразахынова Н.А.**–педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы.

**Құрастырушылар:** Аманова Т.С., Аманова С.С. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы. Жұмыс дәптері. 3-сынып– Нұр-Сұлтан, 2022. – 68 б.

Бұл жұмыс дәптері бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы негізінде құрастырылды. Жұмыс дәптері 3-ші сынып оқушыларына арналған. Таңдау курсы оқушыларға тілдік бірліктердің ережелері мен заңдылықтарын тиімді қолдануды үйретеді, тілі білімі саласы бойынша алған білімдерін сатылай талдауға дағдыландырады. Жұмыс дәптері оқушылардың ақыл-ой өрістерін, оқу сауаттылықтарын дамытуды негізге алып құрастырылды.

**Мазмұны**

Алғы сөз ........................................................................................ 4

1-2 сабақ. Сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау (екі тыныс белгі) (1 сатысы)..........................................................................................5

3-4 сабақ. Хабарлы сөйлемнің тәсілдері мен формалары.................................8

5-6 сабақ. Сұраулы сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау..............10

7-8 сабақ. Лепті сөйлемге синтаксистик сатылай кешенді талдау..................13

9-10 сабақ. Шығармашылық сабақ...............................................................16

11-12 сабақ. Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.......................................................................................20

13-14 сабақ. Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.......................................................................................24

15-16 сабақ. Сөз. Сөзге сөзсазындық талдау жасау .......................................30

17-18 сабақ. Сөз. Тілдік материалдарды жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу..........................................................................35

19-20 сабақ. Өзіңді-өзің тексер! Жат жазу......................................................39

21-22 сабақ. Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу.............43

23-24 сабақ. Дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеу, теңдеуді шешу, дыбыстардың мәнін орнына қойып, баяндау...................................................47

25-26 сабақ. Сөз таптарын сатылай кешенді талдау. Зат есім .......................51

27- сабақ. Жат жазу...................................................................................55

28- сабақ. Өзіңді-өзің тексер!........................................................................57

29-30 сабақ. Олимпиадалық тапсырма. Дыбыстарға дыбыстық мінездеме беру (диалогті) .....................................................................................60

31 сабақ. Олимпиадалық тапсырма. Сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау (5 сатысы) ...............................................................................62

32 сабақ. Олимпиадалық тапсырма. Туынды түбір зат есімге сатылай кешенді талдау (8 сатысы, диалогті)...................................................................63

33 сабақ. Олимпиадалық тапсырма. Бір қосымшалы сөзге сөзсазындық талдау (6 сатысы, кері, диалогті) ..............................................................65

34 сабақ. Тест..............................................................................................67

Пайдаланылған әдебиеттер......... ..................................................................68

## Алғы сөз

Жас дос, қолыңдағы дәптермен жұмыс істеу арқылы білімді өз бетіңмен алуды үйренесің. Нәтижесінде сөздік қорың, тіл байлығың, танымдық қабілетің, логикалық ойлауың артады. Дәптердегі берілген оқу тапсырмалары «Сатылай кешенді оқыту» технологиясына икемделіп, сенің сауатты жазып, оқып, сатылай талдап айтуға дағдылануыңа қолайлы жағдай туғызады.

Сабақта берілген тірек сызбалармен жүйелі жұмыс істесең сауатты, ғылыми тілде сатылай баяндауға үйренесің. Бұл – аталмыш технологияның басты қағидаларының бірі.

Ұқсас ұғымдарды жинақтау, айырмашылылықтарын ажырата білу, жекеден жалпыға көшу әрекетін жүзеге асыра алуға берілген тапсырмаларды орындау арқылы ой ұшқырлығың дамиды, танымдық дүниең кеңейе түседі.

Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының өзіне тән шартты белгілерімен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін дәптермен жұмыс кезінде меңгеру арқылы сенің іскерлік дағдыларың қалыптасады.

Берілген тапсырмаларды сатылай кешенді талдау аңғарымпаздыққа, мұқият тыңдауға, ойды әрі жалғасытырып кетуге машықтандырады. Талдау үлгілері көбінесе ауызша орындауға, мұндағы іс-әрекеттерді саған көбінесе ойын түрінде жүргізуге ұсынылады.

Сенің сатылай кешенді талдау арқылы меңгерген білімдерің жат жазу арқылы жүзеге асады. Сол арқылы сенің теориялық материалды қаншалықты тиянақты меңгергендігіңді анықтап, орфографиялық, пунктуациялық сауаттылық деңгейіңнің қаншалықты артқандығына көз жеткіземіз.

Дәптерде уақытқа талдау тапсырмалары берілген. Осы тапсырмаларды орындау кезінде әр сөйлемді, сөзді, дыбысты сауатты талдап, анық, айқын айтуға дағдыланасың.

Дәптердегі шығармашылық тапсырмалар саған пәндік олимпиадалар мен байқауларда, сайыстарда білім, білік, дағдыларыңды тиімді қолданып, жоғары нәтижелерге жетуіңе көмектеседі.

**1-2-сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:** Сөйлемді синтаксистік талдау (1-сатысы)

1. Кішіпейілділік, белгісі, кісілік сөздерін қатыстырып қанатты сөздер, мақал-мәтелдер құрастыр

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

Кішіпейілділік – кісілік белгісі.

**Сөйлемге а ойтолғау жаса.**

Нәтижесінде сен ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алатын боласың.

2. Екі бағанды салыстырып оқы

| | |
|---|---|
| Сары, алтын, түбі, сабыр. | Сабыр түбі – сары алтын. |
| Ақыл, серігі, сабыр. | Сабыр – ақыл серігі. |

**Есіңе сақта**

Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Сөйлемнен соң не нүкте (.), не сұрау белгісі (?), не леп белгісі (!) қойылады.

3. Сабыр – ақыл серігі. (Мақал)

1.1.Сөйлемде екі тыныс белгісі бар. Олар: нүкте және сызықша.

а) Нүктенің қойылу себебі ______________________________.

ә) Сызықшаның қойылу себебі –

______________________________________________

______________________________________________

**Көркем жазу минуты Сс** әрпін көркемдеп жаз және дыбысқа математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

**3. Сабыр** сөзіне сөзсазындық қысқаша жазылым бойынша талдап жаз

**Үлгі:**

**Сабыр**

1.Бұл сөз________________буынды сөз.

2.Бұл сөз: са-быр

а.б б.б

Себебі:________________________________________________________

______________________________________________________________

3.Бұл сөз: са- болып ____________ жағдайда тасымалданады

быр

Себебі_________________________________________________________

______________________________________________________________



**Рефлексия.**

1. Сабақ сізге ұнады ма?
2. Не үйрендіңіз?
3. Не қиын болды? ..... неге?
4. Берген бағаңыз? ...

**Үй тапсырмасы.**

Адамгершілік қасиеттердің бірін таңдап ойтолғау жаз

Кез келген сөзге сөзсазындық талдау (3 сатысы)

Кез келген сөйлемге синтаксистік талдау жаса ( 2 сатысы)

**3-4-сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:** Хабарлы сөйлемнің тәсілдері мен формалары

**1. Ұлағатты сөздер – ұрпаққа аманат.     (Мақал).**

а) **Сөйлемге ойтолғау жасау.**

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

Нәтижесінде ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған ұлағатты сөздерінің қадірін жете біліп, күнделікті өмірде қолдана алатын боласың.

2. **Ұлағатты сөздер – ұрпаққа аманат.**

Сөйлемге синтаксистік талдау (1- сатысы )

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________



Сөйлемге синтаксистік талдау (2- сатысы )

**Ата өнері – балаға мұра.**

1.1. Екі тыныс белгі бар. Олар: нүкте (.) және сызықша (-)…

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **хабарлы сөйлем.** Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр. **Хабарлы сөйлем дегеніміз** – айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі. Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан көтеріңкі басталып, бәсеңдеп бітеді. Сөйлем соңында жазуда нүкте қойылады.

3. **Кестемен жұмыс.** «Адасқан сөздер» ойыны.

| | |
|---|---|
| тәлім көргеннен ал тәрбие | |
| сынбайды ағаш жерден ұстаған | |

| | |
|---|---|
| ұстазы кітап-көптің | |

**4. Суретпен жұмыс.** Мәтін  құрастырып, мәтінге ат қой.



**Үй тапсырмасы.**

**Сызбамен жұмыс.**



**Рефлексия.**

- Бүгінгі сабақ ұнады ма? Неге?
- Неніүйрендіңіз?
- Қай тапсырмада қиындық туды? Неге?
- Осы тақырып бойынша ойыңыз.

- **Бағалау.** Әр оқушы өзін-өзі бағалайды. 
  «5» - 10-13балл
  «4» - 6-9балл
  «3» - 1-5 балл

**5-6-сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:** Сұраулы сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау

**1. Сөйлемге айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жаса.**

Сәлем – сөздің анасы.

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

**2. Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.**
**Үлгі:**

Сәлем – сөздің анасы.

1.1. Екі тыныс белгі бар. Олар: нүкте (.) және сызықша (-). Нүктенің қойылу себебі, ... .
Сызықшаның қойылу себебі, ... .

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **хабарлы сөйлем.**
Себебі:______________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

**ІІІ. Жаңа білімді меңгеру.**

**Мақсаты:** дербес тұрғыда әрекеттер іске асады.

3. Мәтінді түсініп оқып, тапсырмаларды орында..

## СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ БАСЫ

Сәлемдесуден кейін хал-ахуал сұрасу да әдепке, көргенділік, естілікке жатады. Мұнда да әр халықта әр басқа қалыптасқан жора-салттар бар. Мысалы, орыстар: «Денсаулығың қалай?» – дейтін болса, ертедегі мысырлықтар: «Қалай, сіз терлейсіз бе?» – дейтін болған. Гректер

«қуаныңыз» сөзін айтса, қытайлықтар: «Бүгін тамақтандыңыз ба? Қарныңыз тоқ па?» – деп сұрайды екен. Орта Азия халықтарында сол жақ кеудесін оң қолымен басып, кеудесін иіп сәлемдесу қалыптасқан да, одан кейін хал-жағдай сұрасатын болған. Бізде болса: «Бала-шаға, үй іші аман ба? Денсаулығыңыз жақсы ма? Мал-жаныңыз сау ма?» – деп бастап, біраз жерге дейін апаратыны белгілі.

Міне, мұның бәрі әр елдің тұрмыс-тіршілік ерекшеліктеріне, өмір сүру жағдайлары мен салт-ғұрыптарына байланысты сәлемдесу әдептерінің де өзгешеліктері болатынын көрсетеді.

**Тапсырма:**

Мәтінде не туралы айтылған?

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Әр халықтың сәлемдесу әдебі әртүрлі болу себептері қандай?

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Жауап алу мақсатында айтылған сөйлемді жаз

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________



**Денсаулығыңыз жақсы ма?**

1.1. Сөйлемде бір тыныс белгісі бар. Ол – сұрау белгісі (?). Сұрау белгісінің қойылу себебі жауап алу мақсатында **ма** шылауының қолданылуы арқылы сұрай айтылып тұр.
1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **сұраулы сөйлем**. Себебі, сөйлем сұрау мағынасында айтылып тұр.
1.3. Құрылысына қарай – жай сөйлем. Себебі, бірнеше сөзден құралып келіп, тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.

**4.** Сс әрпін көркемдеп жаз және дыбысқа математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.____________________________________________________

______________________________________________________________________

**V. Жаңа материал бойынша алған білімдерін зерделеу.**

**3.** Екі бағандағы сөйлемдерді салыстырып оқы. Айырмашылығын дәлелдеп, түсіндіріңіз.  Таңдаған 1 сөйлемге синтаксистік талдау (3 сатысы) жаса.

| | |
|---|---|
| Бүгін ауылға **барма.** | Сіз киноға барасыз **ба?** |
| Әдепсіздік жасама. | Ағам ауылға кетіп  пе? |
| Үйге жүгіріп кірме. | Бүгін сабаққа дайынсың ба? |

**Үй тапсырмасы.**

**Мақалдарды жалғастырып жазыңыз.**

Сәлем түзелмей,

**...        ...          .**

Сәлем беру  депарыз,

**...        ...        ....      .**

Әдепті елдің баласы,

**...        ...          ...      .**

Адам сөйлескенше,

Жылқы**....**

Тапсырма Досыңмен «Телефон» ойынын ойна .

Досыңмен бірге мақалдың мағынасын ашып, мақалдың ішіндегі кез келген сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

**Рефлексия:**

1. Сабақ сізге ұнадыма?
2. Не үйрендіңіз?
3. Не қиын болды? ..... неге?
4. Берген бағаңыз? ...  .



Бағалау 13 балдық жүйе арқылы бағаланады.

«5» - 10-13  «4» - 6-9  «3» - 1-5

**7-8 -сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:** Лепті сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау

**1. Сөйлемгесинтаксистіктталдаужаса (3-сатысы)**

**Нақыл – саған ақыл.**

1.1. Сөйлемде екі тыныс белгісі бар. Олар: нүкте және сызықша.

а). Нүктенің қойылу себебі …________________________________

____________________________________________________________

б). Сызықшаның қойылу себебі - ..__________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

1.2.Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – хабарлы сөйлем. Себебі, ... .

____________________________________________________________

____________________________________________________________

1.3. Құрылысына қарай – жай сөйлем. Себебі, ... .

____________________________________________________________

____________________________________________________________

**2. Тірек сөздерді қолданып сөйлем құра**

Алақай, келді ,тамаша, қаладан, досым.

Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.

**Алақай, қаладан досым келді!**

1.1.Сөйлемде екі тыныс белгісі бар. Олар: үтір және леп белгісі.

а) Үтірдің қойылу себебі, ...

ә) Леп белгісінің қойылу себебі – ...

1.2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **лепті сөйлем.**
Себебі, адамның көңіл күйін, сезімін білдіріп тұр.

1.3.Құрылысынақарай – жайсөйлем. Себебі, ... .

Лл әрпін көркемдеп жаз және дыбысқа математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.

**3.** Өлеңді мәнерлеп оқып, лепті сөйлемдерді көшіріп жазу.

**Итжейде**

«Қой бөпешім, бұлқынба», –
Көндірді әжем ырқына.
Әйбәт жейде кигізді,
Тігісі тек сыртында.

Ғұмыр тілеп,
Жол тілеп,
Айтуда жұрт оң тілек:
«Жасың ұзақ болсын!..» – деп,
«Итжейдең тез тозсын!..» – деп...

Істі көріп бүгінгі,
Қабағым сәл түйілді:
Итжейде деп неліктен,
Атады екен киімді?!

*Өтепберген Ақыпбекұлы*

**4**. Сөйлемдердің соңына тиісті тыныс белгілерін қойып жаз. Тыныс белгісіне сай дауыс ырғағымен оқы.

1. Абылай хат жазды
2. Алтынай қоянға неше сәбіз берді
3. Айнала қандай тамаша

Осы сөйлемдердің бірін таңдап сөйлемге синтаксистік талдау жаса (3 саты) .

1. Сабақ сізге ұнады ма?
2. Не үйрендіңіз?
3. Не қиын болды? ..... неге?

4. Берген бағаңыз? ...

**Үй тапсырмасы.**

1. **Жан жадыратаржылысөздердіқатыстырыпөлеңнемесемақал-мәтелқұрастырыпкелу.**

2. **Кез келген сөзге сөзсазындық қысқаша ықшамдау принципімен өрнектепжаз.**

3. **Екі тыныс белгісі бар сөйлем құра, сөйлемге синтаксистік талдау жасау (3- сатысы) .**

______________________________________________________________

______________________________________________________________

**9-10-сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:** Шығармашылық сабақ.

**1 .Мәтінді солдан оңға қарай оқып, сұрақтарға жауап бер.**

**ҚАЙЫҢ**

ңыйаҚ кіиб нітесө імедә шаға. ңынО ыратқатұб іиж ыдалоб. нынңыйаҚ ыратқарыпаж рытлыж, лысаж-паж. ыдңыйаҚ піи анаш ыдйасаж . ынО едрімө пөк ыданаладйап

1.Қайың қандай ағаш?_________________________________________
2.Қайыңнан не жасайды?______________________________________

**2. Тірек сөздерден төрт түлік туралы мақал-мәтел құрастыр.**

Басы, малы, түгел, аманның. Басқа, не көтерер, қойдан, семіздікті? Түлікке, бір, болғанша, бай, Төрт, сай бол, түлікке!

а) **Мақалдардың ішінен біреуін таңдап, айтылым әрекеті бойынша ойтолғау жаса.**

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

**Таңдаған мақалға синтаксистік талдау жаса (3- саты)**

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

**Басы аманның малы түгел.**



1. Сөйлемде бір тыныс белгісі бар: нүкте (.).

а)Нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр.

2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – **хабарлы сөйлем.** Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр. Хабарлы сөйлем дегеніміз – айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі.Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан көтеріңкі басталып, бәсеңдеп **бітеді. Сөйлем соңында жазуда нүкте қойылады.**

**3. Құрылысына қарай – жай сөйлем. Себебі, бірнеше сөзден құралып келіп тиянақты бір ғана ойды білдіріп** тұр.

4. Жай сөйлемнің түрлері.

5. Жай сөйлемнің түрлерін анықтау үшін сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне қарай талдаймыз. Ол үшін ең алдымен сөйлемнің баяндауышын табамыз. Себебі:

а) Баяндауышсыз сөйлем болмайды.

ә) Баяндауыштың орны шартты түрде тұрақты.

б) Баяндауыш арқылы бастауышты табамыз.

в) Бастауыш пен баяндауышты қатыстыра отырып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін табамыз.

**3. Тт әрпін көркемдеп жаз және дыбысқа математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер**.

________________________________________
________________________________________
________________________________________
________________________________________
________________________________________
________________________________________
________________________________________
________________________________________

**4. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.**

| | |
|---|---|
| Халқымыз ерте заманнан мал өсірумен шұғылданған. | |
| Жылқы, түйе және сиырды ірі қара деп атаған. | |
| Қой мен ешкіні ұсақ мал деп атаған. | |

**5. Сөйлемге синтаксистік талдау жаса (3-сатысы)**

**Табиғат қандай тамаша!**

1. Сөйлемде неше тыныс белгісі бар?

________________________________________

Ол қандай тыныс белгісі?

________________________________________

Леп белгісінің қойылу себебі...?

______________________________________________

______________________________________________

2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай қандай сөйлем?

______________________________________________

Себебі ... ______________________________________________

3. Құрылысына қарай қандай сөйлем?

Себебі,______________________________________________

6. Ребусты шешіңіз. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құраңыз.

,  ,,  (Құлын)

**Үй тапсырмасы**

1. **«Құлын»**туралымәліметізде.

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

2. **«Құлын»** сөзінесөзсазындықталдаужаса.

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

3. **«Құлын»** сөзіндегі дыбыстарды белгісіздікпен өрнекте.

**11-12-сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:** Дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы.

**1.Уу әрпін көркемдеп жаз және дыбысқа математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.**



Берілгені: **Сусын** сөзінде қанша дыбыс бар. Оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін бізден сұрайды.

Ол былай өрнектеледі:

Берілгені: Сусын =  =  =?;

Шешуі: Сусын сөзінде бес дыбыс бар. Оның екеуі – олар: у, ы дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбір кедергіге ұшырамай ауа еркін шығады. Үшеуі – олар: 2с, н

дауыссыз дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

Ол былай өрнектеледі:

$$5о = \frac{2(у,\ ы)дауысты}{3(2с,\ н)дауыссыз};$$

□

а) Тілдің қатысына қарай екі дауысты дыбыстың екеуі де – олар: у,ы тіл арты немесе жуан дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы сәл артқа қарай тартылып, үсті сәл дөңестенеді. Сөзде тіл алды немесе жіңішке дауыстылар жоқ.
Ол былай өрнектеледі:

$$2□ = \frac{2(у,\ ы)тіл\ арты\ немесежуан\ □}{□\ \emptyset};$$

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай екі дауысты дыбыстың екеуі-олар: у,ы қысаң дауыстылар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда жақ тар ашылып, ауа қысылып шығады. Сөзде ашық, жартылай ашық дауыстылар жоқ.
Ол былай өрнектеледі:

$$2□ = \frac{ашық\ +\ жартылай\ ашық\ □\ \emptyset}{2(у,\ ы)қысаң\ □};$$

б) Ерін мен езудің қатысына қарай екі дауысты дыбыстың біреуі –ол: у еріндік дауысты. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ерін дөңгеленіп, алға қарай сүйірленеді. Біреуі – ол: ы езулік дауысты. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ерін жиырылып, езу артқа қарай тартылады. Ол былай өрнектеледі:

$$2□ = \frac{1\ (у)\ еріндік\ □}{1\ (ы)\ езулік\ □}$$

2.Мәтінді оқы қарамен жазылған сөздің біреуін таңдап, дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.

**БИДАЙ КӨЖЕ**

Бидай **көже** – қазақтың ұлттық сусындарының бір түрі. Оны күннің **ыстық** кезінде шөл басу үшін әрі тағам ретінде пайдаланады. Оның өзге сусындардан ерекшелігі, бидай көжеде В, С, Е дәрумендері бар екенін ұмытпағаныңыз жөн. Оның тіс, асқазан, қан қысымына, иммунитетті жоғарлатуға, жалпы адам денсаулығына пайдасы көп.

**Үлгі:**

Берілгені: _____ =○ =  = ?;

Шешуі:

дауысты

о= ――――――――――;

□ дауыссыз

а) Тілдің қатысына қарай:

тіл арты немесе жуан □

□ = ――――――――――――――――――;

□ ◯

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:

ашық □ +жартылай ашық □

□ = ――――――――――――――――――;

қысаң □

б) Ерін мен езудің қатысына қарай:

еріндік □

□ = ―――――――――― .

езулік □

**3. «Адасқан әріптер». Ойынның шарты: адасқан әріптерден мағыналы сөз жасалы қажет.**

1) қ,з,ы,м,ы,- ...

2) б,а,т,ұ,ш- ...
3) с,м,у,а,л,а- ...
4) а,р,а,й,н - ...
5) р,і,м,і,ш,к,і -... .

**4. Жаңылтпашты оқып, мағынасына назар аудар. Жаңылтпашты жаңылмайа йтып, дәптерге жатқа жаз.**

Батырға қай көлік сай көлік?
Батырға сәйгүлік сай көлік.
Асты сызылған сөздердегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажырат, сол дыбыстардың екеуіне (1 жіңішке,1 жуан) дыбыстық мінездеме бер.

**Үй тапсырмасы**
1.«Жылқы - киелі жануар» тақырыбына шағын ойтолғау жаз (мақал-мәтел, өлең құрастыруға да болады).

2.«Киелі» сөзіндегі дауысты дыбыстарға математикалық тісілмен дыбыстық мінездеме бер

**13-14 сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

1.**Мақалға ойтолғау жаса.** Еңбек пен бақыт – егіз. **(Мақал)**



**Бақыт** сөзіндегі дауыссыз дыбыстарға дыбыстық мінездеме беру.

Б

1.Бұл -дауыссыз дыбыс.Себебі, бұл дыбысты айтқанда өкпеден

шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

2. Үн мен салдырдың қатысына қарай – ұяң дауыссыз.Себебі, бұл дыбысты айтқанда, үннен гөрі салдыр басым.

3. Айтылу, жасалу тәсіліне қарай – шұғыл дауыссыз  дыбыс. Себебі, бұл дыбысты  айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады.

4.Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай- ерін дауыссызы.

Қ

1. Бұл – дауыссыздыбыс.Себебі, бұлдыбыстыайтқандаөкпеден шыққанауааауызқуысындатүрлікедергілергеұшырап, ауақысылыпшығады.

2. Үн мен салдырдың қатысына қарай- қатаң дауыссыз.Себебі, бұл дыбыстар тек салдырдан тұрады.

3. Айтылу, жасалу тәсіліне қарай – шұғыл дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбысты айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады.

4. Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай- тіл арты дауыссызы.

Т

1. Бұл – дауыссыздыбыс.Себебі, ...   .
2. Үн мен салдырдыңқатысынақарай- қатаңдауыссыз. Себебі, ...   .
3. Айтылу, жасалутәсілінеқарай - шұғылдауыссыздыбыс. Себебі,..

4. Жасалуорны мен дыбыстаумүшелерініңқатысынақарай- тіл мен тіс дауыссызы.

**2. Бб** әрпін көркемдеп жаз және дыбысқа математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.



**Еңбек»**сөзіне математикалықтәсілмендыбыстықмінездемеберу. (1-деңгей)

Берілгені: **Еңбек** сөзінде қанша дыбыс бар. Оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз екенін бізден сұрайды.

Ол былай өрнектеледі:

Берілгені: Еңбек =  =?;

Шешуі: Еңбек сөзінде бес дыбыс бар. Оның екеуі – олар: 2е дауысты дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ешбі ркедергіге ұшырамай ауа еркін шығады. Үшеуі – олар: ң, б, к дауыссыз дыбыстар. Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.

Ол былай өрнектеледі:

$$5о = \frac{2(2е)\text{дауысты}}{3(ң,б,к)\text{дауыссыз}};$$

**Дауыссыздыбыстарғаматематикалықтәсілмендыбыстықмінездеме беру.**

а) Үн мен салдардың қатысына қарай үш дауыссы здыбыстың біреуі- ол: к қатаң дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбыс тек салдырдан тұрады. Біреуі– ол: б ұяң дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбысты айтқанда, үннен гөрі салдыр басым. Біреуі– ол: ң үнді дауыссыз дыбыс. Себебі, бұл дыбысты айтқанда, салдырдан гөрі үн басым.

Ол былай өрнектеледі:

$$3_{\triangle} = \frac{1(к)\text{қатаң}\triangle + 1(б)\text{ұяң}\ \triangle}{1(ң)\text{үнді}\ \triangle};$$

ә) Айтылу, жасалу тәсіліне қарай үш дауыссыз дыбыстың екеуі – олар: б,к шұғыл дауыссыздар.Себебі, бұл дыбыстарды айтқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне қатты соқтығысып, ауа кілт үзіліп, шұғыл шығады. Біреуі – ол: ң мұрын жолды дауыссызы. Себебі, бұл дыбысты айтқанда ауа мұрын арқылы шығады. Сөзде ызың, діріл және ауыз жолды дауыссыз дыбыстар жоқ.

Ол былай өрнектеледі:

$$3_{\triangle} = \frac{9(б,к)\ \text{шұғыл}\triangle 0 \quad +\text{ызың}\triangle 0}{\text{діріл}\triangle 0\ +\text{ауыз жолды}\triangle 0\ +1(ң)\text{мұрын жолды}\triangle 0};$$

б) Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай үш дауыссыз дыбыстың біреуі - ол: б ерін дауыссызы. Біреуі- ол: к тіл ортасы дауыссызы. Біреуі – ол: ң тіл арты дауыссызы. Сөзде тіс, ерін мен тіс,тіл алды, тіл мен тіс, көмей дауыссызы жоқ.

3Δ=1(б) ерін Δ+1(к)тіл ортасы Δ +1(ң) тіл арты

**3. Көп нүктенің орнына п, б әріптерінің тиістісін қойып жаз**

То..., шала..., клу..., қалы..., шта..., кәуа..., кіта..., мекте... .

Сөз соңындағы **п** әрпінің **б** болып естілу себептерін анықта. П,б дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыр.

4.Өлеңді түсініп оқы. Өлең ішіндегі кез келген сөзді таңдап алып дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.

**Менің күн тәртібім**

Қазір жасым сегізде,
Көп ұйықтайтын ерке мен.
Ешкімге «тұр» дегізбей,
Қарғыптұрам, ертемен.
Мектептенсоң -түскіасым,
Сосын – ойындалада.
Сосын – жұмыс, қысқасы,
Көмектесеммамама.

Енді ертеңгі сабаққа
Дайындалу – борышым.
Тойып алып тамаққа
Отырамын сол үшін.
Кештеболар, күнбатып
Теледидар бар тағы.
Ертегісінтыңдатып,
Ол да өзіне тартады.

Уақытнеткен тез еді,
Болыпқаларайлытүн.
Дейді мамам:
- Сен енді

Жақсы жатып жайлы тұр!

**5. Беті ашық жатқан мына кітапта бір мақал жасырылған, соны табыңыздар!**




**Нұсқау**.Бұл есепті қосу амалын қолдана отырып қана шеше аласыздар. Есептегі жасырылған мақалды табу үшін алдымен жеке әріптерді тауып алып, оларды құрастырып оқу керек.

Мысалы. 12 санымен жасырылған әріпті табу үшін кітаптың оң қол жақ бетінен қосындысы 12-ге тең болатын екі санды іздеу керек.Сол екі санның көлденеңі мен тігінен түйіскен торкөздегі әріп – іздеген әріпіңіз болады.

**Үйге тапсырма.** Пиктограмма шешуіндегі сөздің біріне математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.

**15-16 сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:Сөз. Сөзге сөзсазындық талдау жасау**

**1.** «Жүйесін тап» ойыны.
Ойынның шарты: Әріптерді жүйесін тауып оқығанда, оқу-білім туралы айтылған халық мақалы шығады. Ол қандай мақал?

к т м п ғ $б^2$ $і^3$ $а^2$ $л^2$ ұ ы

**2. «Кітап – білім бұлағы» мақалға ойтолғау жаса.**

**3.Кк әрпін көркемдеп жаз және дыбысқа математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме бер.**

 **«Кітап»** сөзіне сөзсазындық талдау жасау үлгісі (6 саты).

**Кітап**

1. Бұл сөз айтылу,жасалу,жазылу жолдарына қарай аралас буынды сөз. Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жуан, жіңішке болып араласып келіп тұр.

2. Бұл сөз: кі-тап болып екі буынға бөлінеді. Себебі, сөздің Құрамында екі дауысты дыбыстар бар. **Кі** буыны- ашық буын. Себебі, буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұр.**-тап** буыны – бітеу буын. Себебі, буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталып тұр.

3.Бұл сөз:

Кі- | болып бір жағдайда тасымалданады. Себебі, сөз екі
тап | буыннан тұр немесе сөз буын жігіне сәйкес

тасымалданған.

4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып

отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін **тап** буынындағы **а** дауысты дыбысына түсіп тұр.

Кітап

5.Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі жоқ. Себебі, бұл түбір сөз.

6.Сөзде дыбыс үндестігі де жоқ. Себебі, түбір сөз.

.

**4.«Білім», «бұлақ»сөздерінің біріне сөзсазындық талдау жаса (6 саты).**

**«Білім»** сөзіне сөзсазындық талдау жаса (6 саты).

1.Бұл сөз жіңішке буынды сөз.Себебі,...

2.Бұл сөз: бі-лім болып екі буынға бөлінеді.Себебі,...

3.Бұл сөз: бі- | лім болып бір жағдайда тасымалданады.Себебі,...

4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін **... .**

5.Түбір мен қосымшаның аралығында буын үндестігі жоқ. Себебі,...

6. Түбір мен қосымшаның аралығында дыбыс үндестігі жоқ. Себебі,..

**«Бұлақ» сөзіне сөзсазындық талдау жаса (6 саты).**

1.Бұл сөз жуан буынды сөз.Себебі,...

2.Бұл сөз: бұ-лақ болып екі буынға бөлінеді. Себебі,...

3.Бұл сөз: бұ- | лақ болып бір жағдайда тасымалданады. Себебі,...

4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін **...** **.**

5.Түбір мен қосымшаның аралығында буын үндестігі жоқ.

Себебі,..

6. Түбір мен қосымшаның аралығында дыбыс үндестігі жоқ.

Себебі,..

**Ұйқасын тап. Нүктенің орнына қойылған кез келген сөзге сөзсазындық талдау жаса**

1. Қорқақ өз көлеңкесінен де ... .
2. ... ... – ынтымақ.
3. Оқу инемен құдық ... .
4. ... ... құдығыңа түкірме.
5. Өлімнен ... ... .
6. Талап – талмас... .
7. Ата – бәйтерек,
   Бала – ... .

Үлгі:

**Құрақ**

1.Бұл сөз жуан буынды сөз.

2.Бұл сөз: құ-рақ

а.б б.б

3.Бұл сөз: құ- | болып бір жағдайда тасымалданады.

рақ

4.Құрақ

5. 

6. 

**Үй тапсырмасы**

**1.Нүктенің орнына керекті сөздерді өз қалауыңызбен таңдап жазыңыз.**

Мен **...** сыныпта оқимын. Болашақта**.........................................**болғым келеді. Сондықтан да мен көп уақытымды...........................**.................................................................**өткізмін. Күш білімде, Білім –**..................................................................................................** **.**

**2. «Болашақ»** сөзіне сөсазындық талдау жаса. (Ауызша)

**3. Шығармашылық тапсырма.**

1. Кітап, білім, өнер туралы мақал-мәтел құрастырып жазыңыз.
2. Жоғарыда жазылған кез келген сөзге қысқаша жазылым бойынша сөзсазындық талдау жасаңыз.

**17-18 сабақ.**

**Сабақтың тақырыбы:** Сөз. Тілдік материалдарды жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу.

